**Қазақстан Республикасы Президентінің Ғ"Алматы қаласының шекараларын өзгерту туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 наурыз N 383

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының

Z934200_

10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы қаласының шекараларын өзгерту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Алматы қаласының шекараларын өзгерту туралы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының Z934200_ 9-бабына сәйкес дайындалған Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысына орай және Алматы қаласы мен Алматы облысының өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып, қаулы етемін:

1. Қаланың шегіне Алматы облысының Қарасай ауданы жерлерінің

(қосымшаға сәйкес) жалпы аумағы 158,4 гектар бір бөлігін қоса отырып,

Алматы қаласының шекаралары өзгертілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2001 жылғы ________
N ___ Жарлығына
қосымша

Алматы қаласының әкімшілік шекарасына
енгізілетін Алматы облысының жерлері бір бөлігінің
Экспликациясы

| N р/с | Ауданның атауы | Барлығы (га) | оның ішінде | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | егістік | оның ішінде суармалы | көп жылдық екпелер | жайылымдар | бүкіл ауыл шаруашылығы алқаптары |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Қарасай | 158,4 | 71,5 | 37,8 | 51,1 | 6,3 | 128,9 |

жалғасы

| орманды белдеулер | өзге жерлер |
|---|---|
| 9 | 10 |
| 5,0 | 24,5 |

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК